

ОРИЕНТАЛИЗМ

Әлемнің екі бөлігі – Батыс пен
Шығыс: бөлінуі, қарама-қарсылығы,
әртүрлілігі



Мақсаты: Ориентализмнің басты қағидасы ретіндегі Батыс пен Шығыстың бөлінуі жайлы Э. Саидтің көзқарасына талдау жасау.

Ориенталистік негізгі қағиданың басты элементтерінің бірі – Батыс пен Шығыс әдістерінің бір-бірінен ерекшелігі жөніндегі танымды қарастырамыз. Саид оны ориентализмнің екінші анықтамасы ретінде ұсынады. Батыс пен Шығыс арасындағы онтологиялық және эпистемологиялық ерекшелікке негізделген бұл әдіс Саидтің айтуынша Батыстың ғылыми, сондай-ақ тәжірибелік аксиомасына айналған.

Бұл әдісті Саид өз еңбегінде Британ империясы әкімшілігінің практикалық қызметін мысалға ала отырып талдайды.

Лорд Бальфур

Британия империясының шарықтап тұрған кезеңінде қызметте болған сэр Артур Джеймс Бальфурдың (1848–1930) қызмет жазбасы оның осы Викториа дәуірінің сирек тұлғалы лорды болғанын танытады.

Британдық биліктің отарлау жүйесінің көрнекі үлгісі бола алатын оның жалғыз өзінің қызметі арқылы ғана сол дәуірдің рухы мен Британияның XIX–XX ғасыр басындағы әлемдегі орнын, рөлін анықтауға болады. Саидтің «лорд Бальфур өзін бір мезгілде өте жан-жақты, әрі өзін тәрбиелеп шығарған жүйенің классикалық өкілі ретінде танытты» деген пікірі назар аудартады.

Мінберде сөз сөйлеп тұрған Бальфурды Саид былай деп сипаттайды: «Ол Парламенттің тәжірибелі мүшесі, лорд Солсберидің жеке хатшысы, бұрынғы Ирландияның бас хатшысы, Шотландияның хатшысы, премьер-министр, шет елдерге дағдарыстар кезіндегі немесе табысты жылдарғы жорықтардың ардагері ретінде, ұзақ жылдар бойы жиған жоғары бедел иесі ретінде сөйледі. Империяға қызмет етуші ретінде ол британ монархының 1876 жылы қалай Үндістан императрицасы болғанын жақсы біледі; оның Ауғанстан мен зулус тайпаларына қарсы соғыстардан, Британияның 1882 жылы Мысырды иеленуінен, генерал Гордонның Судандағы өлімінен, Фашод оқиғасынан, Омдурман шайқасы, Бурс соғыстары, орыс-жапон соғысынан кейінгі ықпалдың күрт артуы жайлы мол хабары болды».

Бұдан оның қызметі мен тәжірибесінің қандай аумақтар және халықтармен байланысты екені, сонымен бірге олардың масштабы жақсы көрінеді. Саид оқырманға осылай оның атқарған қызметі мен мансаптарын арнайы тізіп көрсету арқылы империяның алдында тұрған міндеттердің ауқымы мен нақты осы шенеуніктің көзқарасы сол дәуірдің барынша анық, мазмұнды көрінісі болып табылатынын айтуды мақсат етеді.

Саид Бальфурдің Британияның Мысырдағы саясатын, Батыс пен Шығыс елдеріндегі биліктің айырмашылығын, сондай-ақ Ұлыбританияның осы елдерді басқару қажеттігі жайлы көзқарастарын сипаттайды.

Бұған дейін біз Саид қоғамда білім рөлінің жоғары екенін айта келіп, оны биліктің құралы, басқаларға жоғарыдан сөйлеудің жолы деп түсіндіргеніне тоқталдық. Мұның мысалы ретінде Саид лорд Бальфурдың бұған қатысты сөзінен үзінді келтіреді: «Батыс ұлттары тарихта өздерінің жеке тәжірибесі арқылы ... өздері пайда бола салысымен өзін-өзі басқара алатынын көрсетті... Сіздер Ориенттің, оны Шығыс деп те атайды, бүкіл тарихына көз салып қарайтын болсаңыздар еш жерден осындай өзін-өзі басқарудың ізін таба алмайсыздар. Олардың барлық ұлы кезеңдері – ал олардың басынан ұлы кезеңдерді өткергені рас – деспотизмнің, абсолютті биліктің қол астында өтті. Олардың өркениеттерінің ұлы жетістіктеріне олардың ұлы жетістіктерге жеткені де рас, биліктің осы формасының астында қол жеткізілді. Бір жаулап алушының соңынан келесі жаулап алушы келіп отырды, бір биліктен кейін екінші билік келді, бірақ бұл ұлттардың ешқайсысы біз батыстық көзқарас тұрғысынан өзін-өзі билеу деп атайтын басқару түрін орнатқан жоқ. Бұл факт. Бұл үстемдік немесе бағынуға қатысты мәселе емес... Бұл ұлы ұлттар үшін – иә, мен оларды ұлы ұлттар деп санаймын. Бұл абсолютті елдерді біздің басқаруымыз жақсы болып табыла ма? Мен жақсы деп ойлаймын. Бұл тәжірибені қолдану арқылы олар бұрынғыдан да жақсы үкіметке ие болады. Ол үкімет оларға тек жақсы қызмет етіп қана қоймайды, сонымен бірге бүкіл өркениетті Батысқа да қызмет етеді. Мұны тәжірибе



көрсетіп отыр. Біз Мысырға Мысыр үшін ғана емес, сонымен бірге тұтастай алғанда бүкіл Европа үшін тұрмыз». Бальфурдың пікірі осындай еді.

Империяның XIX ғасырдың соңында тек Мысыр ғана емес, тұтастай алғанда бүкіл Шығысқа қатысты қолданған саясаты, көздеген мақсаттары мен қағидаттары бұдан артық ашық та айқын жеткізілмеген шығар. Бальфурдың бұл сөзі Батыстың Шығысқа үстемдігінің айқын мысалы, бұл жайлы, яғни Шығысқа Батыстың өзін билеуі қажет пе дегенде ол Шығыстың ойын білуді мүлде ойламайды да.

Мұнымен қатар Бальфурдың бұл айтқандарының әр жерінен «ақ адамның бойындағы жүк» немесе жалған алаңдаушылық сияқты қолдан жасалған қамқорлық та сезіледі. Ол қамқорлық бірде Жаратушының, бірде саясат немесе ахуалдың талабымен байланысты деп көрсетіледі. Ол миссия бүкіл әлемнің, бұл жерде Европаның игілігі үшін орындалуы тиіс деп санайды.

Бальфурдың биік мінберден айтылған бұл сөзі зерттеушілер алдына Шығыс пен Батыстың табиғатын, сонымен бірге олардың өзара қатынасының табиғатын түсіну үшін қажет бірнеше тұжырымды мәселелерді қояды.

Бұлар – дәстүр-жаңашылдық проблемасы, саяси билік ерекшелігі, мәдени үстемдік ету және тұтастай алғанда онымен байланысты білім, танымға қатысты күрделі мәселелер.

Бұл мәселелердің әрқайсысы өз алдына күрделі және бір мезгілде барлығы бір-бірімен байланысты. Әрқайсысы арнайы зерттеуді қажет ететін дербес, маңызды тақырыптар.

Постколониализм теориясының қалыптасуына, одан әрі дамуына елеулі үлес қосқан Саидтің пайымдауы бойынша бұл мәселелер мәдени гегемонияның да зерттейтін проблемасы. Себебі Саид бұған білім-билік тұрғысынан қарайды.

Бұл әдіс тұрғысынан алғанда Ориентті ойын алаңындағы басқа ойыншы жасап шығарады. Бұл жерде басқа ойыншы – Батыс. Ориенттің өз көзқарасын білдіруге құқы жоқ. Өзі үшін шешуші сәттерде ол өз пікірін білдіре алмайды, Саид айтқандай: «Өздерінің пікірін білдіру үшін мысырлықтарға сөз беру керек деген ой Бальфурдың басына мүлде келмейді».

Лорд Кромер

Саид отарлаушылар әдісінің мысалы деп көрсететін келесі өкіл – лорд Кромер титулымен белгілі Ивлин Бэрингке (1841–1917) қатысты. Саид оның да сөзін отарлаушы билік өкілінің көзқарасы ретінде қарастырады. Алдымен Үндістандағы Британия мүддесіне қызмет еткен ол 1882 жылға кейін империяға қызметін Мысырдың және Суэц каналы аумағының Бас бақылаушысы болып жалғастырды. Мысыр мақта өндірісінің негізін салушылардың бірі және мысырлық «Ағайынды мұсылмандар» діни-саяси ұйымын құруға бастама жасаған адам. Бұл тұста полковник Араби пашаның көтерілісі тұншықтырылып Мысыр Британияға бағындырылған болатын. Лорд Кромер ширек ғасыр бойы Британияның Мысырдағы өкілі болды, Саидтің айтуы бойынша ол «Мысырды жасап шыққан».

Саид Кромердің Мысырға көзқарасына мысқылмен қарай отырып: «Кромер Шығыс адамдарына тек Британия колонияларында өзі билейтін адами материал деп қана қарағанын жасырмайды», – дейді.

Саид жалпы алғанда Бальфур мен Крамердің көзқарастары Батыстың Шығысқа көзқарасының нақты мысалы болады, олар қалыптасып кеткен клишелер мен терминдерді қолданады деп бағалайды, мысалы: «Шығыс адамы ойланбай әрекет етеді, иррационалды, ол әлі тұлға болып қалыптаспаған бала тәрізді; ал европалық – рационалды/оңтайлы әрекет етеді, қабілетті, қалыптасқан, ақылды. Алайда ... шығыс адамы барлық жерде басқа, жақсы ұйымдасқан және өзі жасаған әлемде өзінің бір-бірімен тығыз байланыстағы ұлттық, мәдени, эпистемологиялық қағидаттарымен өмір сүреді. Шығыс әлемінің қабілеті, дағдысы оның жеке өзінің еңбегінің жемісі емес, керісінше оған Батыс дайындап берген іс-қимылдардың нәтижесі, Батыс сол арқылы Шығысты таныды... Шығысты білу оларға Шығысты, шығыс адамын, оның әлемін жасауға мүмкіндік береді. Кромер мен Бальфурдің тілінде Шығыс әлдекімнің сот залындағыдай айыптап, оқу бағдарламасындағыдай сипаттап, мектеп немесе абақтыдағыдай тәртіпке салатын, зоология бойынша нұсқаудағыдай түсіндірілетін әлдене деп көрсетіледі.



Мұндағы идея – бұлардың әрқайсысында Шығыс қалайда қамтылады және шектеу қою арқылы қайта ұсынылады. Бұл (яғни осындай қарым-қатынас) қайдан шығады?».

Саид бұл жерде Бальфур мен Кромердің Шығысқа деген көзқарасының дәрежесін көрсету үшін Шығысты олар «әлдене» деп атап, белгісіз затқа теңейтінін айтады. Сонымен бірге, Шығыс «мектеп сыныптары, сот, түрме, қосымша басшылық» сияқты шектеулермен көрсетіледі.

«Олай болса ориентализм – бұл Шығыс туралы білім, ол Шығысты сыныпта, сотта, түрмеде немесе басшылықта зерттеуге, оқуға, айыптауға, тәртіпке салуға немесе ережеге бағындыруға арналған білім».

Саид ориентализмнің мазмұны Европа экспансиясымен сәйкес келуі кездейсоқ емес дейді; 1815 жылдан 1914 жылға дейін Европаға тікелей бағынған отар елдер аумағы жер шарының 35%-нан 85%-на дейін артты. Бұл өсім әр құрлықта өзінше көрініс тапты. Алайда басым бөлігі Азия мен Африкада орналасты. Екі ұлы империя – Британия мен Франция бір мезгілде әрі әріптес, әрі қарсылас болды. Жерорта теңізінен Үндіқытай мен Малай архипелагына дейін олардың империялық иеліктері мен ықпал ету салалары бір-бірімен түйісіп, кейде ауысып жатты, дегенмен көбінесе бәсекеге түсті.

Бірақ Таяу Шығыс аумағында, ислам діні мәдени және нәсілдік сипаттарды анықтайтын араб мемлекеттерінде британдықтар мен француздар бір-бірімен де, Шығыспен де бетпе-бет келді. Екі жүздесу де ең жоғары және күрделі деңгейде жүрді.

Саидтің пікірінше, екі ірі империяның өзара ұқсастығы болды, яғни «жерді игеру, артықшылықтарға ие болу немесе басқарушылық жүргізу сияқты ғана емес, сонымен бірге шығыстану деп аталатын интеллектуалдық биліктің де бір түріне ие болды. Шығыстану дегеніміз – кітапхана немесе ақпараттар мұрағаты. Ол қорды олар бірігіп немесе кейбір жағдайларда бірауыздан ашық түрде қолданды. Бұл мұрағаттарды біртұтас етіп байланыстырушы идеялар (идеялар тобы) және құндылықтар тобы бар, ол түрлі жолдармен өзінің тиімділігін анық көрсетті. Бұл идеялар шығыс халықтарының мінез-құлқын түсіндірді; олар шығыс адамдарына ойлау әдісі, ата-бабалары (мысалы, шежірелер), орта жайлы ақпаратпен қамтамасыз етіп отырды; ең бастысы, олар европалықтарға шығыс адамдарымен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік берді, тіпті олардың өздерін жеке ерекшеліктері бар құбылыс ретінде көруіне де қарсы болмады. Алайда басқа идеялар секілді, ориенталистік көзқарастар да шығыс адамы деп Шығыс елдерінің өкілдеріне де, сондай-ақ, жалпы батыс адамы деп аталатын еуропалықтарға да әсер етті.

Қысқаша айтсақ, шығыстануды позитивистік доктрина деп емес, ой мен ойдың шегарасына қойылған шектеулер жиынтығы ретінде түсіну керек. Егер біз ориентализмнің мәні Батыстың үстемдігі мен Шығыстың бағыныштылығының арасындағы жойылмас айырмашылықта деп танысақ, онда біз ориентализмнің одан әрі өзінің дамуы мен тарихында осы айырмашылықты одан әрі тереңдетіп, тіпті нығайта түскенін мойындауымыз керек».

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Ориентализмнің екінші қағидасының мәні қандай?
2. Саид Батыс пен Шығыс арасындағы негізгі бастапқы айырмашылық неде деп санайды?
3. Ұлыбритания қандай Шығыс елдеріне үстемдік жүргізді?

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Батыс пен Шығыстың арасындағы негізгі айырмашылық жайлы өз ойыңызды баяндаңыз.
2. Лорд Бальфурдың Шығыс жайлы жасаған баяндамасына талдау жасаңыз.
3. Лорд Кромердің Шығыс елдерінің тарихына қатысты қызметіне тоқталыңыз.



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **7. Әлемнің екі бөлігі – Батыс пен Шығыс: бөлінуі, қарама-қарсылығы, әртүрлілігі**

Ұсынылатын ресурстар

1. Said, Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Э. Саид, Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. <https://ru.wikipedia.org>.